Өзін-өзі бағалау барысында 2022-2023 оқу жылдарындағы жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары электрондық «Kundelik.kz» журналындағы (барлық мәлімет сканерленіп, дискіге салынған болатын) алынған выгрузка бойынша тексерілді. Нәтижесінде 2022-2023 оқу жылындағы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар выгрузкаға түспей қалған, сондықтан педагогтардың қағаз түрінде жинақтап сақтаған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қаралып, тексерілді. Бастауыш сынып мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар толтырылған.

2023-2024 оқу жылында барлық 1,3 кластарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» қосымшалары бойынша **бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынған.**

Педагогтар жалпы білім беретін пәндердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын жаңа қолданысқа енгізген «[BilimClass](http://BilimClass.kz)» электронды журналына толтырған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардың барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

2023-2024 оқу жылында «BilimClass» электронды журналы қолданысқа енгізген. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары толтырылуы тексерілді. Сабақ кестесімен сәйкес келеді.

Оқу бағдарламасы талапқа сәйкес орындалған. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

Оқу бағдарламалары нормаға сәйкес орындалған. 2022-2023 оқу жылында «Kundelik.kz», 2023-2024 оқу жылындағы «[BilimClass](http://BilimClass.kz)» электронды журналдарында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

Оқу бағдарламалары жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

Аталған оқу жылдарына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ

мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтыруларымен) бекітілген жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

-білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп меңгерушісінің 2022 жылдың 01 қыркүйектегі № 133-н/қ бұйрығы, 2023-2024 оқу жылында мектеп меңгерушісінің 2023 жылдың 01 қыркүйектегі № 168 -н/қ бұйрығы, 2024– 2025 оқу жылында мектеп меңгерушісінің 2024 жылдың 02 қыркүйек № 188 -н/қ бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылған.

2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. shkolasad инстаграмм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған.

Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Әке тәлімі» әкелер мектебі, «Анаға қарап қыз өсер» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған. 2023-2024 оқу жылында «Жас Қыран» ұйымына оқушыларды қабылдау тоқтатылуына байланысты, ұйымға бала қабылданбаған.

Бастауыш мектепте балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына Ж.М.Турекешова тағайындалған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша мектептегі білім алушы, ата – ана,

педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым-қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектеп фойесінде орнатылған. Ай сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылған, бірақ сенім жәшігіне хаттар түспеген.

2022-2023 оқу жылы бойынша отбасы саны -10, көп балалы отбасы саны – 6, толық, емес отбасы саны -0, әкесі қайтыс болған – 0, анасы қайтыс болған – 0, аз қамтылған отбасы – 0, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 0, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен бірге тұратын – 0, өгей анамен бірге тұратын- 0 білім алушы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар - 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0.

2023-2024 оқу жылы бойынша отбасы саны – 6, көп балалы отбасы саны –5, толық емес отбасы саны -0, жетім бала-0, әкесі қайтыс болған -0, анасы қайтыс болған – 0, атаулы көмек алатын отбасы -0, ондағы бала саны -0, жетім және ата- анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы -0, арнайы санаттағы білім алушы-0, мүгедек бала-0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0.

Сынып жетекші, мектеп әкімшілігі бірлесе құрылған комиссия мүшелері аз қамтылған, көп балалы отбасылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіп, акт жасаған.

2022-2023 оқу жылында мектеп жанындағы жазғы алаң ұйымдастырылып, 10-оқушы қамтылған. Бастауыш класс оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы ҚР оқу-ағарту министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитетінің 18.08.2023 жылғы №15-2/5015-И хатын, ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын, Ақтөбе облысы білім бөлім басқармасының 22.08.2023 жылғы №213768 хаты негізінде 1-4 кластардағы барлық оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

2023 –2024 оқу жылында тамыз айында «Мектепке жол» республикалық акцияның аясында демеуші тарапынан мектеп ұжымы көп балалы отбасынан 1 оқушыға 30 000 теңге көлемінде, оқу – құралдары берілген.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша мектепте құқықбұзушылық жағдайлары орын алмаған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023 оқу жылдары бойынша 2 сынып жиынтығына мектеп меңгерушісінің «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» 133/1, 6-н/қ бұйрығы негізінде 2 сынып жетекшісі тағайындалған. 2024 жылдың 1 қыркүйегінде 2 сынып жиынтығына мектеп меңгерушісінің «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» №163/2-н/қ бұйрығына сәйкес сыныптарғы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 2 сынып жетекшісі тағайындалған. 2024 жылдың 1 қыркүйектегі мектеп «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» № 194/3-н/қ бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Турекешова Жұлдыз мухамбетовна тағайындалған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2023 оқу жылы	2	1	1

2023-2024 оқу жылы	2	1	1
20224-2025 оқу жылы	2	1	1
Сынып жетекшілердің біліктілік санаты			
Жылдар	Педагог	Сарапшы	Зерттеуші
2022-2023 оқу жылы		1	1
2023-2024 оқу жылы		1	1
20224-2025 оқу жылы	1		1

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру:

2022 – 2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты: «Оқушыларды ізгілікке бағдарланған, әсемдікпен қаруланған, ұлттық тәлім нәрімен сусындаған жеке тұлға етіп тәрбиелеу», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізге 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған.

1-бағыт. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбиенің мақсаты:

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны, 1-4-кластарда) «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік пен патриотизм» тақырыбындағы сынып сағаттары, Қазан айында 25 қазан Республика күні. «Мен өз еліммен мақтанамын» мерекелік іс шара, Республика күнінің маңызын ұғындыру, жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтарын сіңіру мақсатында «Мәңгілік Ел» Республикалық деңгейдегі 2-4-класс оқушылары бірыңғай диктант жазды. «Қаламның көрікті жерлері» тақырыбында класс сағаттары мен презентациялық көрсетілімдер қаралды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай АББ-нің жоспарына сәйкес мектепшілік жоспар құрылып, іс-шаралар, 9-мамыр Жеңіс күніне орай АББ-нің жоспарына сәйкес мектепшілік жоспар құрылып, іс-шаралар ұйымдастырылған.

2-бағыт. Рухани – адамгершілік тәрбие бағыты.

. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл. «Ахмет Байтұрсынов –ұлы ұстаз» тақырыбында 3-4-кластар аралығында класс жетекшілер мен кітапханашымен бірлесе отырып танымдық сағат жүргізілген. Іс-шараға 3-4-кластардан оқушылар қатысқан. Қазан айында 1-4- кластар аралығында Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жылдығына орай «Ыбырай Алтынсарин –балалар әдебиетінің атасы» тақырыбында Ыбырай Алтынсарин шығармаларынан сахналық қойылымдар қойылған.

Сахналық қойылымдарға оқушылар жоғары деңгейде дайындалғандығы байқалып, қойылымдар қызықты әрі тартымды болған. Қазан айында «Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы» орай сынып сағаттары өткен. Ақпан айында Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жылдығына орай бастауыш кластар арасында «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылып, үздік деп танылған оқушылар марапатталған. Сәуір айында Қазыбек бидің 355 жылдығына орай Қазыбек бидің шешендік сөздерінен сахналық қойылымдар тамашаланған.

3-бағыт. Ұлттық тәрбие.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында тілдер күніне орай «Тіл-ұлттың жаны» кітап көрмесі ұйымдастырылған. Көрмеден оқушылар қазақтың ақын-жазушыларының тіл туралы түрлі шығармаларымен таныстырылған. Көрме бір аптаға ұйымдастырылғандықтан оқушылар жаздыртып, кітаптарды үйлеріне алып кетуге де мүмкіндік алған. Желтоқсан айында 3-4-кластар аралығында «Мен қазақпын,мың өліп,мың тірілген...» тақырыбындағы мәнерлеп оқу өткізілген. Сайыс қорытындысы бойынша оқушылар жүлделі орындармен марапатталған. «22-наурыз-Наурыз»мерекесіне арналған мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша «Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» тақырыбы бойынша барлық қызметкерлер мен оқушылар бір апта бойы ұлттық

киіммен жүрген. «Көрісу айт-ынтымақ пен берекенің бастауы» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтіп, мектеп фоесінде көрісу үлгісі көрсетілген. «Аталардың ақ батасы» МАД, 1-4-класс. Әр кластан үздік деп танылған бір батаның бейнетаспасы инстаграмм желісіне орнатылған. «Ұлттық ойындар-халық қазынасы». Қатысушылар ұлттық ойын үлгісін сипаттап, маңыздылығын, қай кездерде ойналатындығын түсіндіру, үзінді көрсетілген. Ұлтымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды» 3-4-кластар аралығында эссе байқауы. «Наурыз-жыл басы» тақырыбында мерекелік іс-шаралар өткізілген.

4-бағыт. Отбасылық тәрбие.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша биылғы оқу жылында «Әкелер» және «Аналар» мектебі ашылып, әкелер, аналар мектебі құрамы бекітіліп, мектепшілік бұйрық шығарылып, жоспар құрылып, бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, іс-шаралар инстаграмм парақшаларына салынған. «Менің отбасыммен мақтанамын» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылған. Аталған көрмеге 1-4-класс және МАД тәрбиеленушілері ерекше белсенділік танытқан. Оқушылардың тақырыпқа байланысты салған суреттері мектеп фоесіне ілінген. 3-4-класс оқушылары «Менің отбасым», «Өнегелі отбасы» тақырыптарында шығарма жазып, ең үздік деп танылған шығармалар марапатталған. Отбасы тақырыбында класс сағаттары жүргізілген. 1 қазан қарттар күніне орай оқушылар ұстаздарымен бірге зейнетке шыққан қарт ұстаздарды құттықтап, сыйлықтарын табыс еткен. «8-наурыз-Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай «Өмір сыйлаған Ана» тақырыбында фотосурет көрмесі ұйымдастырылған. Аналар мектебінің ұйымдастыруымен «Анаға қарап қыз өсер...» тақырыбымен МАД, 2-кластар-нан жаю, 4-кластар-бауырсақ дайындау тәрізді аналардың көмегімен іс-шаралар ұйымдастырылған.

5 –бағыт. Еңбек, экономикалық және экология тәрбие.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша қазан айында МАД және 1-4-класс оқушылары «Жануарлар әлемі» тақырыбында жас натуралистер станциясына саяхатқа барып, станция қызметкерлері түрлі аң –құстардың түрімен және тіршілігімен танысқан. Балалар аң-құстардың тіршілігі мен түрлері туралы өз білімдерін толықтырған. Желтоқсан айында мектеп оқушылары ата-аналарымен, класс жетекшілерімен бірге қардан түрлі мүсіндер жасап, іс-шараға барлық класс оқушылары мен ата-аналары белсенді қатысқан. Нәтижесінде кластар белсенділіктері үшін алғыс хаттармен марапатталған. 23 сәуір кітапхана күніне орай облыстық кітапханаға саяхатқа барған. Сәуір айында МАД, 2,4-класс оқушылары әкелерімен бірге жыл құстарына ұялар жасап, мектеп ауласындағы ағаштарға орналастырған.

6-бағыт. Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.

Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша мектепшілік жоспарға сәйкес сәуір айында «Ғажайып планеталар» тақырыбында планетарий ата-аналардың сұранысы бойынша мектепке келген. Оған 2,4-класс аралығындағы 8 оқушы қатысып, аспан денелеріне байланысты мультфильм тамашалаған. 1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күніне орай қалалық білім бөлімінен келген жоспарды басшылыққа ала отырып «Ынтымағы жарасқан бейбіт елміз!» танымдық сағаттар өткізіліп, мектеп фоесінде «Қазақ елі-татулық мекені» кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Әрқашан күн сөнбесін!» тақырыбында оқушылардың қатысуымен асфальт үстінде сурет салынып, «Еркін ел ұрпағы» жалпыұлттық патриоттық диктант жазылған.

7-бағыт. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Зияткерлік тәрбие бағыты бойынша қазан айында «Бала құқығы туралы конвенция» тақырыбында танымдық сағаттар өткізілген. Желтоқсан айында «Біздің жақсы қасиеттеріміз» тақырыбында мектеп мұғалімі психологиялық тренинг жүргізілген. Ақпан айында 2,4-класс оқушылары үшін «Ғаламторға тәуелділік» тақырыбында, сонымен қатар «Нашақорлыққа жол жоқ!», «Ізгілік-адамгершіліктің белгісі», «Сыбайлас жемқорлық індет – оны жою міндет», «Адамгершілік-асыл қасиет», «Бала өміріндегі қауіпсіздік» тақырыптарындағы танымдық сағаттар өткізілген.

8-бағыт. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша мектеп дәрігері медбикесінің Көз-жан айнасы» тақырыбындағы денсаулық сабағы, «Гигиена-денсаулық кепілі» тақырыбындағы түсіндірме жұмыстары, МАД, 2,4-класс оқушыларының «Менің күн тәртібім» тақырыбында күн тәртібін құруы, «Бірінші байлық-денсаулық» тақырыбында сынып сағаттары, «Тұмау мен ЖРВИ-дың алдын алу» бойынша диктант жазып, ауылдық медбикесіне тапсырылған. Дене шынықтыру

пәні мұғалімі А.Иргизбаевнаың түрлі тақырыпта спорттық іс-шаралар өткізіп, «Шырпы балаға ойыншық емес» тақырыбында үшкүндік ұйымдастырылған. Онда «Отпен ойнама!» тақырыбында сурет көрмесі, «Балаларды қараусыз қалдырмаңыз» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел, «Сіріңкенің пайдасы мен зияны тақырыбындағы» сынып сағаттары жүргізілген.

Бастауыш мектепте«Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккросинг-кітап алмасу жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылы бойынша Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптарымен толықтырылған. Барлық сыныптарда «Сен оқитын кітаптар» бұрышы, электронды кітап бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасының қорытындысы бойынша оқушылар алғыс хаттармен марапатталған. Жүргізілген жұмыстар бойынша инстограм желісіне салынып отырған.

КММ «Милы бастауыш білім беретін мектебі» 2022-2023 оқу жылында "Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт" жобасы аясында оқушылар үшін **«Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккросинг-кітап алмасу алаңы жұмыс жасайды.** Мектеп кітапханашысы болмасада "Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында кітаптар жинақталған. Оқырмандарға жаңадан түскен кітаптарды кеңінен насихаттау, олардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуға тарту мақсатында жаңа кітаптарға кітап көрмесі құрылған. Көрмеде балалар мен жасөспірімдерге арналған жаңа басылымдар, көркем әдебиеттер ұсынылған. Сонымен қатар, көркем әдебиеттер, қазақ халықының ертегілер жинағы, қазақ тіліне аударылған шет ел кітаптары насихатталып оқушыларға ұсынылған. «Кітап өз стилінді табуға көмектеседі!», «Кітап оқу маңызды!», «Қолыңыз қалт еткен шақта кітап оқып, білім әлеміне бойлаңыз!» деген ұрандар тастап, барша қауымды кітап патшалығы – кітап оқуға шақырған.

Қазақтың ағартушы-педагогы, жазушы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туған күніне орай "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында балалардың өмірге деген оң көзқарастарын қалыптастыру мақсатында 2,4- класс оқушылары арасында ертегілерге сахналық қойылым қойылған.

«Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сурет салу, «Біз бақытты баламыз!» өлең оқу «Қызықты кітаппеен демалыс» ертегілер елінен көріністер қойылған.

" Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде«Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты іс-шаралар барысында балаларға жаңадан келген көркем әдебиеттер ұсынылып таныстырылған.

"Милы бастауыш білім беретін мектебінде" Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт" жобасын жүзеге асыру мақсатында 2023 жылдың 4-22 желтоқсан аралығында "Оқыған озады" тақырыбында кітап оқу байқауы өткізілген. Байқау барысында оқушылар оқыған кітаптарының мазмұнын айтып, инста парақшаға жариялап отырған. Байқауға 2-4 класс оқушылары қатысып, қорытындылаған.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт" жобасын жүзеге асыру мақсатында "Оқыған озады" тақырыбында мектепшілік кітап оқу байқауы өткен. Байқауларға қатысқан оқушылар марапатталған.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП-ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТ» жобасы аясында оқушылардың қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» тақырыбында кітап оқу жұмыстары ұйымдастырылған.

КММ " Милы бастауыш білім беретін мектебінде " 4 класында Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Оқуға құштар мектеп" жобасын жүзеге асыру мақсатында оқушыларға мәңгі мұраға айналған Мұқағали ақын туралы мәлімет беру, жырларымен таныстыру, поэзия әлеміне қызығушылығын арттырумақсатында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа арналған шара өткізілген.

2023-2024 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №294 бұйрығы, Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 2023 жылғы 21 қыркүйектегі №303 бұйрығы, «Милы бастауыш білім беретін мектебі» КММ-нің 2023 жылғы 21 қыркүйектегі №64 бұйрығы негізінде «Милы бастауыш білім беретін мектебі»КММ-де 2023-2024 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілген. Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық

құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Мектеп бойынша жүргізілген жұмыстар зерделенді:

1 қыркүйек-білім күніне орай «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын, сынып сағаттары өткізілген. 1 қазан қарттар күніне орай «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында мерекелік іс-шара, 25 қазан Республика күніне орай «Тұғырлы елім» тақырыбында мерекелік іс-шара, «Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары аясында «Күзгі көрме», «Күзгі жәрмеңке» ұйымдастырылып, түскен қаржыға адалдық дүкеніне оқу қралдары алынып қойылған. «Қыз әдебімен көрікті», «Сәлем-сөздің патшасы» тақырыптарында сыныптан тыс іс-шаралар, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай «Армысың, Өз-Наурыз!» атты мектеп ата-аналары мен қызметкерлерінің мерекелік құттықтаулары, «Ұлттық киім» челленджі, «Қазақтың салт-дәстүрлері» көріністер, «Ұлыс оң болсын!» тақырыбындағы мерекелік іс-шаралар өткізіліп, сәуір айында «Жас натуралистер» станциясына саяхат жасалып, ата-аналармен бірлесе отырып «Менің гүлзарым» тақырыбында мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылып жүргізілген іс-шаралар мектептің әлеуметтік парақшаларында орналастырылған.

«Денсаулықтың 6 шарты–таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында ауыл медбикесі Есқарина Айнагүл жайлаубайқызымен кездесу ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, осы тақырыпқа байланысты оқушылар ойлары тыңдалған. «Жол белгілері» тақырыбында жолда жүру ережесіне байланысты сыныптан тыс –іс-шара, "Жол жүрісі қауіпсіздігі" тақырыбында полиция қызметкерімен кездесу ұйымдастырылып, «Абайла, жаяу жүргінші» тақырыбында сурет байқауы, желтоқсан айында «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» тақырыбында, ақпан айында «Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізген. Мамыр айында «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылған. Қазан айында 1,3-класс оқушылары арасында Спандияр Көбеевтің мысалдарынан сахналық қойылым қойылған. «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!» тақырыбында, ақпан айында «Отбасылық таланттар» тақырыбында онлайн форматта іс-шара өткізіліп, әлеуметтік желілерге орналастырылған, наурыз айында «Екі жұлдыз» ән байқауы, «Қазақтың салт-дәстүрлері», «Әлия батыр қызы сен халқымның» тақырыбындағы көріністер қойылған.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 151 жылдығына орай «Тіл ұлттың жаны», «Ұлыдаланың–ұлттаралық тілі» Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Тіл мерейі-ел мерейі» кітап көрмесі ұйымдастырылған. Отбасы күніне орай 1,3-класс оқушылары Қарабұтақ ауылдық мұражайында «Ұлттық-сыр сандық» тақырыбындағы іс-шараға қатысқан. Оқушылар мұражай ішін аралап, ертедегі ұлттық құндылықтармен, мұражай тарихымен танысты. Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жылдығына танымдық сағаттар, Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына орай «Мағжанның өрнекті өлеңдері», «Сәкен –жырдың сарқылмас дариясы», М. Мақатаевтың туылған күніне орай «Ақиық ақын Мұқағали» тақырыптарында мәнерлеп оқу, «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара, «Оқыған озады» кітап оқу сайысы, «Қыста кітап оқимыз-жадымызға тоқимыз», «Әжемнің ертегісі», «Мың алғыс саған» ата-аналарына алғыс айтуы тақырыптарындағы сыныптан тыс іс-шаралар, Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» повестіне танымдық сағаттар, «Менің сүйікті кітабым» көркем шығармаларды оқып, талдау жұмыстары жүргізілген.

«Смартфонның пайдасы мен зияны», «Интернет желісі не үшін қажет?» пікір-талас, «Білімді-мыңды жығады» тақырыбында сайыс ұйымдастырылған.

"Спорт-саулық кепілі" спорттық ойындар, «Әлемді бағындырған жерлесіміз», «Спортты серік еткендер» тақырыптарында спорт шеберлерімен кездесу ұйымдастырылған. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Қазақтың ұлттық ойындары» Халықаралық отбасы күніне орай «Денсаулық FEST» тақырыптарында сыныптан тыс іс-шаралар жүргізілген.

«Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара, «Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында танымдық сағаты, әкелер мектебі мүшелері мен жасөспірімдер инспекторымен «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық», «Наша қорлық-қоғам қасіреті» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілген, «Смартфонды ұзақ қолданудың зиянды әсері» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс, «Балаңызбен дос, сырлас бола білесіз бе?» сауалнама, «Қолжетімді электронды темекіден аулақ болайық» тақырыбында түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылған.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» жобасы бойынша бастауыш оқушыларына жергілікті айтыс ақындары туралы мағлұмат беріліп, «Алтын сақа» челленджі, ұлттық өнер, туған өлкем «Ақтөбе жері-батырлар жері» тақырыптарындағы сыныптан тыс іс-шаралар өткізілген.

«9 ай 9 шара» жобасы бойынша «Сергіту сәті» челленджі, «Әнұран» айту, «Асық ату» ойыны, «Болашаққа хат» шығарма жазу, «Оқуға құштар мектеп» Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерінен поэзия кеші, «Күй құдіреті» күй тыңдау, Шахмат ойнап үйренейік, «Жасыл мекен» челленджі тақырыптарындағы іс-шаралар жүргізілген.

«Ата-ана мектебі» жобасы бойынша төмендегідей тақырыптарда мастер класс жүргізілген: 1-класс бөлме гүлдерінің күтімі, 4-кластар жеке бас гигиенасы, 4-класс бөлмесін таза ұста. Ата-аналарға арналған ашық есік күні, «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» сыныптан тыс-іс-шара, «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» аналармен бірлескен сынып сағаттары, халықаралық әкелер күні мерекесішеңберінде «Әке тәлімі» әкелер мектебі аясында төмендегідей тақырыптарда ұйымдастырылған: 1,3- кластар құстарға қамқорлық (ұя жасап үйрену), 1,3- кластар абаттандыру жұмыстарына баулу, ата-аналар мектебінің апталығы, «Оқырмандар отбасы» челленджі ұйымдастырылған.

2023-2024 оқу жылында мектеп меңгерушісінің «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы» 2023 жылғы 18 қыркүйектегі №205н-қ бұйрығы негізінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы мен «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылып, мектеп меңгерушісімен бекітіліп жұмыстар жүргізілген.

«Даналық» мектебі бойынша «Ата өсиеті» бөлімінде «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында дөңгелек үстел, «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» тақырыбында шебер класс, «Әже даналығы» бөлімі бойынша «Ертегі – танымның көзі», «Ырым-тыйым әдептілік негізі» тақырыбында дөңгелек үстел, «Аға қамқоры» бөлімі бойынша «Ағасы бардың – жағасы бар» тақырыбы бойынша талқылау, «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» кездесу, «Жеңге кеңесі» бөлімі бойынша «Қыз ғұмырдың құпиялары», «Қыздар білуге тиіс...» тақырыптарында танымдық сағаттар жүргізілген.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысы бойынша «Отбасы- бақыт бесігі», «Білімдіге дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу» тақырыптарында сабақтар, «Әрбір бала бір жұлдыз», «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?», «Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай еңсеруге болады?», «Сенім арту жетістік кепілі. Қиын жағдайда баланы қалай қолдаймыз?», «Тәлімменен өрілген біздің дәстүр» тақырыптарында тренинг элементтері бар сабақтар, «Балаға үлгі көрсету» тақырыбында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылған.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

«Милы бастауыш білім беретін мектебі» КММ-де **2022-2023, 2023-2024, 2024-2025** оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар болмаған.

Инклюзивтік білім беру туралы:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында инклюзивтік білім алатын оқушылар болмаған.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

Зерделеу нәтижесі бойынша **2022-2023, 2023-2024, 2024-2025** оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестікте талданған, мектеп меңгерушісі бекітілген.

2022-2023 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.08. 2020 № 372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік

оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2022 ж 12.08. №365 енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 2,4-сыныптар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитеті келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар факультативтік курстар жүргізілген.

Вариативтік компоненттің «Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар» бөлімінен 2-4 класс білім алушыларына: 2 класында «Логикалық математика» курсы аптасына 1 сағаттан, бөлімінен 4-класында «Математика күнделікті өмірде» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» (2022ж.23 қыркүйектегі №406 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 ж 18.08. №264бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) негізінде 1-қосымша 1,3-кластар үшін алынып, педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстары жүргізілген.

Вариативтік компоненттің «Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар» бөлімінен 1,3 класс білім алушыларына: 1- кластарында «Көңілді математика» курсы аптасына 1 сағаттан, оқытылған. 3 класында «Қызықты математика» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылған.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2022ж.23 қыркүйектегі №406 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024ж. №27 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) негізінде 1-қосымша 2,4 кластар үшін алынып, педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстары жүргізілген.

Вариативтік компоненттің таңдау бөлімінен 2,4 класс білім алушыларына: 2- кластарында «Логикалық математика», «Көркем жазу» курстары аптасына 1 сағаттан, 4-кластарында «Қызықты математика» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылған. Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар, таңдау курстары, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар жүзеге асырылған.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқу;

Зерделеу барысында: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырған.

2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік тақырыптық жоспары негізінде

2 сынып

№ сабақ	Дүниетану пәнінен сабақ тақырыбы	ӨҚН тақырыбы	мерзімі
1	Менің күн тәртібім. ӨҚН №1	Менің қауіпсіздігім не?	11.09.2023
2	Мектеп ережелері ӨҚН	Көлік және ондағы тәртіп	16.10.2023

	№2	ережелері	
3	Отбасындағы мерекелер ӨҚН №3	Үйде жалғыз болу. Өрт шыққан кездегі өзін-өзі ұстау ережелері. Отпен айбай болу дағдылары.	13.11.2023
4	Адамдар саяхатқа не үшін шығады? ӨҚН №4	Мектеп және көшедегі қауіп-қатер	29.01.2024
5	Елімнің мемлекеттік рәміздері ӨҚН №5	Денсаулық деген не?Денсаулықты қалай сақтауға болады?	04.03.2024
6	Үйде қандай қауіп-қатерлер орын алуы мүмкін? ӨҚН №6	Денсаулыққа әсер ететін факторлар. Жеке гигиена ережелері	06.05.2024

4 сынып

№	Дүниетану пәнінен сабақ тақырыбы	ӨҚН тақырыбы	мерзімі
1	Менің табиғи ортадағы қауіпсіздігім. ӨҚН №1	Жол және оның элементтері. Көлік құралдарының түрлері	21.09.2023
2	Отбасы шығыстары қалай жоспарланады. ӨҚН №2	Қазіргі замандағы тұрғын үйлердегі қауіп-қатер. Өрт кезіндегі қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдылары	19.10.2023
3	Спорт – денсаулық кепілі! ӨҚН №3	Үй-жайдан, көліктен шұғыл эвакуациялаудың ережелері	23.11.2023
4	Мен жергілікті жердің планын жасаймын. ӨҚН №4	Бейтаныс адамдармен өзін-өзі ұстау ерекшеліктері	14.12.2023
5	Менің қауіпсіздігім. ӨҚН №5	Салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру. Зиянды әдеттерден сақтану	18.01.2024
6	Туристің қайда саяхаттағаны дұрыс? ӨҚН №6	Күн тәртібі	11.04.2024

2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік тақырыптық жоспары негізінде

1 сынып

№ сабақ	Дүниетану пәнінен сабақ тақырыбы	ӨҚН тақырыбы	мерзімі
1	Менің күн тәртібім. ӨҚН №1	Менің қауіпсіздігім не?	11.09.2023
2	Мектеп ережелері ӨҚН №2	Көлік және ондағы тәртіп ережелері	16.10.2023
3	Отбасындағы мерекелер ӨҚН №3	Үйде жалғыз болу. Өрт шыққан кездегі өзін-өзі ұстау ережелері. Отпен айбай болу дағдылары.	13.11.2023
4	Адамдар саяхатқа не үшін шығады? ӨҚН №4	Мектеп және көшедегі қауіп-қатер	29.01.2024
5	Елімнің мемлекеттік рәміздері ӨҚН №5	Денсаулық деген не?Денсаулықты қалай сақтауға болады?	04.03.2024
6	Үйде қандай қауіп-қатерлер орын алуы мүмкін? ӨҚН №6	Денсаулыққа әсер ететін факторлар. Жеке гигиена ережелері	06.05.2024

3 сынып

№	Дүниетану пәнінен сабақ тақырыбы	ӨҚН тақырыбы	мерзімі
---	----------------------------------	--------------	---------